

2022-2023 оқу жылы бойынша №7 мектеп-лицейі психологтарының жүргізген жұмыстарының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет жоспарға сәйкес жүргізілді, яғни келесі бағыттарда: психодиагностика, психокоррекция, психологиялық кеңес беру, психологиялық сақтандыру және білім беру, әлеуметтік диспечерлік бағыт бойынша жүргізілді.

Оқу жылының басында Оқушылардың контингентіне талдау жасалып, құрамы анықталды. Мектебіміздегі барлық оқушы саны - 2085. Бастауыш сыныптар бойынша – 961 оқушы. Орта буын бойынша – 974 оқушы. Жоғары сынып бойынша – 155 оқушы. Мектебімізде 25 оқушы - үйден оқытылатын денсаулығында ақауы бар балалар, ерекше білім беруді қажет ететін -34 оқушы, 8 оқушы - жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәлімет жинақталды. Барлық сынып оқушыларының педагогикалық-психологиялық зерттеу карталары жасалды.

Жаңа оқу жылының жұмыс бастамасы педагогикалық-психологиялық қызмет құжаттарын дайындау және психологтың жылдық жоспарын жасау, педагогикалық кеңесте консилиум құрамын бекітумен басталды. Қыркүйек айында оқушылардың психологиялық картасы жасалып, электронды база жинақталды. Балалардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында бірінші сынып оқушыларына «Керн-Йерасек» әдістемесі жүргізілді.

Қыркүйек айында мектеп жасына келген балалардың оқуға даярлығын тексерумен және оқу мотивациясын анықтау мақсатында Керн Йерасек тесті алынды. Мақсаты: баланың қабылдау, ойлау, қиял, ес, зейінінің деңгейін анықтау, мектеп мотивация деңгейін анықтау, балалардың мектепке деген қарым – қатынастарын, мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімдеу деңгейін Керн Йерасек тестінің қорытындысы бойынша анықталды. Бұл зерттеуге 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В», 1 «Г», 1 «Д», 1 «Е», 1 «Ж» сыныптары, барлық оқушы саны – 212 оқушы қатысты. Нәтижесін төмендегіден көруге болады.

1 сынып оқушылардың даярлығын тексерумен және оқу мотивациясын анықтау мақсатында Керн-Йерасек субтесті

Қатысуға тиіс оқушылар саны: 219

Қатысқандар саны: 212


Әдістеме тақырыбы: Керн-Йерасек субтесті

Мақсаты: Оқушылардың мектеп өміріне бейімділік деңгейін анықтау

Нұсқау: Берілген суреттерге мұқият қарап, соны қайта салу қажет.

Әр тапсырма нәтижесі 5 ұпайлық жүйемен бағаланады. (1-жоғары; 5-төменгі ұпай)

Нәтижесі:




5 сынып оқушыларымен жүргізілген Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтауға арналған сауалнамасының қорытындысы

Қатысқандар саны: 219

Әдістеме тақырыбы: Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтауға арналған сауалнама

Мақсаты: Оқушылардың мектеппен байланысты мазасыздануының сипатын зерттеу.

Нәтижесі:



5 сынып оқушыларымен жүргізілген «Менің сыныбым» әдістемесінің қорытындысы

Қатысқандар саны: 219

Әдістеме тақырыбы: «Менің сыныбым» әдістемесі

Мақсаты: Бір сыныпқа біріккен оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын зерттеу мақсатында.

Нәтижесі:



«Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тренинг

Мақсаты: бастауыш сынып мұғалімдеріне баланың мектептегі оқуға бейімділігі мәселесінің теориялық негіздері туралы білім беру.

Көрнекіліктер: арнайы дайындалған презентация, венн диаграммасы, карточкалары, суреттер кесінділері.

Өткізілген уақыты: 20.11.2022 ж.

Қатысқандар: 1 сынып ата-аналары

2022 жылдың 20 қыркүйек күні мектеп психологтары бірінші сынып оқушылары ата-аналарына «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында онлайн конференция өткізді. Тренинг барысында ата-аналар «Балама қандай жылудық беремін?» деген сұраққа өз ойларын білдіріп, «Бір шаңырақ астында» жаттығуын орындады.

«Ашық айтсам...» жаттығуында ата-аналар қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына қатысты ойларын білдірді.

Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарды бағалау, бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту мақсатында ұйымдастырылған «Ренішті қалай кешіруге болады?» жаттығуына ата-аналар белсене қатысты. Тренинг соңында кері байланыс жасалып, алғыстарын білдірді.



«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тренинг

2022 жылы қыркүйек айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: ҰБТ-ның ерекшеліктерімен бітіруші түлектерді таныстыру.

«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» - бұл тренинг мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға дайындау кезінде оқушылардың бойында сенімділікті қалыптастырады. Оқушылардың бойындағы теріс күштерді жою, белсенділігін арттыру. Өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылатады, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйретеді.

Оқушылар тренингке белсене қатысты. Әрбір оқушы талдау кезінде өз ойларымен бөлісті, пікір алмасты. Тренинг барысында оқушылар құндылықтарға ерекше көңіл бөлді.



Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингінің

2022 жылдың қыркүйек айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Бесінші сынып дегеніміз не?» тақырыбында 5 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: балаларды сабақтың мақсаттарымен жұмыс түрімен таныстыру, сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурстарды іске асыру, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру.

«Бесінші сынып дегеніміз не?» - бұл тренинг оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізеді. Тренинг барысында оқушыларға мақсаты мен міндеттері, сабақтың барысы таныстырып, оқушыларды тренингке жұмылдырды. Тренинг ережелері құрастырылды. «Мен үшін не маңызды?» жаттығуында балалар өздерінің ата-аналарымен ұзақ уақытқа каникулға кететіндігін, демалыстарын елсіз аралда өткізетіндіктерін көз алдарына елестетулері қажет.

«Сөйлемді жалғастыр» ойынында «Мектеп жолы» суретіне қарап отырып, бірінші сыныптан бесінші сыныпқа дейінгі қызықты оқиғаларымен бөлісті. Ойын соңында психолог қызықты және оптимистік пікірлерді атап өтіп, енді алдағы сыныптарда оқу жеңіл болатынына үміттендірді. «Кім нені?» жаттығуына оқушылар белсене қатысты.



«Сәлеметсің бе, мектеп!» тренингінің

2022 жылдың қыркүйек айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Сәлеметсің бе, мектеп!» тақырыбында 1 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: бірінші күндегі оқушылардың қорқыныш деңгейлерін төмендету, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру.

«Сәлеметсің бе, мектеп!» - бұл тренинг балалардың бойларындағы адамгершілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік, ізгілік, инабаттылық, ақылдылық, әдептілік қасиеттерін оятауға көмектеседі. Оқушыларға жағымсыз көңіл-күйден арылуға, өзін-өзі тануға, құрметтеуге, өзін еркін сезінуге итермелейді.

Оқушылар тренингке белсене қатысты. Әрбір оқушы талдау кезінде өз ойларын ашық, батыл, еркін жеткізу. Тренинг барысында оқушылар құндылықтарға ерекше көңіл бөлді. Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.



<https://www.facebook.com/100012867287320/posts/pfbid0vMpPnv34HPRaSLdaBHXr mCYN18WbprhsgfLcMxEfdeYNqEJiD9QaaPmbjYxGTWdI/?d=n>

ЕРЕКШЕ БАЛАМЕН - ЕРЕКШЕ ЖҰМЫС

№7 мектеп - лицейінің педагог - психологтары 5-6 сынып оқушыларына баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында креативті әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сабақ өткізді.

Сабақ барысында: ерекше білім беруді қажет ететін баланың оң және сол жақ миының қарқынды дамуына, зейінін ашуға, қолдың моторикасын жетілдіруге, ынтасын, қызығушылығын арттыруға бағытталған креативті әдіс - тәсілдер:

Нейрогимнастика, Лабиринт, Көлеңкесін тап



<https://www.facebook.com/100012867287320/posts/pfbid0xT3N97RzcdnXM8jrV5EqPT6bDhGFRcmv2roisGnKbocac5ARZ4xtfLsj8L2JswvNI/?d=n>

ОТБАСЫ-БАҚЫТ МЕКЕНІ

№7 мектеп-лицейінде мектеп психологтарының ұйымдастырылуымен ата-ана мен мектеп ынтымақтастығын дамыту мақсатында «ОТБАСЫ-МЕКТЕП» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Ата - ана өз баласы туралы өзін мазалап жүрген сұрақтарға мұғаліммен бірге жауап таба білді және ата - ананың мектепке, мұғалімге деген сенімі күшейеді.

Отбасыларға адалдық мықты отбасылық қарым-қатынас тілейміз.



<https://www.facebook.com/100012867287320/posts/pfbid02Gxo5sjz8LuhEgK8ZFALSMZhu5K6SkCwXjv8iqY8GHPMB6SHW3LNSfmJcv3zftal/?d=n>

«Ерекше білім қажет ететін оқушыларға сабақ беретін мұғалімдерге психологиялық сүйемелдеу»

№7 мектеп-лицейі педагог-психологтарының ұйымдастыруымен 2022 жылдың қыркүйек айында «Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін мұғалімдерге психологиялық сүйемелдеу» атты семинар өткізілді.

Мұғалімдерге үйден оқитын балалармен жұмыс жасау барысында қолданылатын әдістер мен құжаттар үлгілері көрсетілді. Мұғалімдер алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.



<https://www.facebook.com/100012867287320/posts/pfbid027CyfZihhTn5aczpZjSrdYpemQizATpz1P3SHauxdwjtdmACVBgZd58o1vm22R1z9l/?d=n>

«Жағымды қарым-қатынас құра білейік» тренинг

27 қыркүйек күні мектеп психологтары 8 «Б» сынып жетекшісі Емжар Акеркемен бірлесіп «Жағымды қарым-қатынас құра білейік» тақырыбында қызықты тренинг өтті. Тренингтің мақсаты сыныпқа жаңадан келген оқушыларды ортаға бейімдеу. Оқушыларды өз – өзімен, өзіндік жеке ерекшеліктерімен таныстыру, қарым-қатынастарын нығайту, ұжымда жағымды атмосфера қалыптастыру.

Сәлемдесу жаттығуы

«Тимбилдинг» жаттығулары

Кері байланыс

Оқушылар психологиялық жаттығулар мен ойындарға қатысып, кері байланыс жасады. Жүргізілген тапсырмалар балалардың өзара қарым-қатынасын нығайтуға септігін тигізеді.




«Өз көңіл-күйінді қалай басқаруға болады?» тренинг

2022 жылы қазан айында №7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Өз көңіл-күйінді қалай басқаруға болады?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өз мінезіне басшылық жасай алуын, көңіл-күйін игере білуге және басқаруға қалыптастыру. Көңіл-күйін жағымды арнаға түсіруге баулу.

«Өз көңіл-күйінді қалай басқаруға болады?» - бұл тренинг көтеріңкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеуге үйретеді. Оқушылар шеңберге шығып, бір-біріне тілектерін айтып, жақсы көңіл-күй сыйлады. Оқушылар тренингке белсене қатысты. Қатысушылардың позитивтік көңіл-күйлері көтеріліп қалды.



«Мейірімділік» тренинг

2022 жылы қазан айында №7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Мейірімділік» атты тақырыбында жеке тұлғаның тұлғаның өзіндік қарым - қатынасын дамыту, бойына жағымды қасиет сіңіру мақсатында 1 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.



<https://www.facebook.com/100012867287320/posts/pfbid026Pbia7J2VLgqqdzAXH XZovrHEBiH23r2tM1VoCsFmS1vMSH5ZhXt4JLeBth7o2QCI/?d=n>

«Орта мектептегі жаңа оқушы» тренинг

2022 жылы қазан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Мен достарыммен біргемін» атты тақырыбында 5 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқи білу, өзінің іс-әрекетін жоспарлай білу қабілетінің дамуына ықпал ету; орта мектептегі оқыту процесінің жаңа ережелерін талқылау.

«Орта мектептегі жаңа оқушы» - бұл тренинг оқушылар өзінің құрдастарымен бірге бірлесіп іс-әрекет жасау және жарысу, өзінің жетістіктерін басқалардың жетістіктерімен дұрыс қабылдай білуін дамыту. Оқушыларды шығармашылыққа баулып, ой – қиялын дамыту.

Оқушылар тренингке белсене қатысты. Оқушылардың арасындағы қарым - қатынастарын нығайту, ұжымда жағымды атмосфера қалыптастырады.




«Dass шкаласы» тестісінің қорытындысы

7-11 сынып оқушылары арасында «Тәуекел тобын» анықтау мақсатында кешенді тестілеу жүргізілді. Кешенді тестілеу қорытындысы бойынша тәуекел топ анықталған жоқ. Барлық қатысқаны – 535 оқушы. Тестілеу көрсеткіші төменде көрсетілген.

2. « DASS шкаласы»

Мақсаты: Оқушылардың депрессиялық күйін анықтауға мүмкіндік береді.



Кәсіби психологиялық көмекті тегін алыңыз!

Қазақстан балаларына, жастарына және олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету үшін CALL-орталық өз қызметін жалғастыруда. Сіз келесі телефон нөмері бойынша көмек сұрай аласыз: +7 705 483 41 07



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02jQfpWZPCEcJRCrVJ6sFCCkiuNkjkPpMTQtPjeCKReQhPyU8q8bfbaPnfWXTmsvJl&id=100012867287320

«ТӘЖІРІБЕ АЛМАСУ — ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУ БАСПАЛДАҒЫ»

Тәжірибе алмасу — кәсіби қажеттілік. Ол үздіксіз дамып, өсудің басты кепілі.

№7 мектеп - лицейіміздің педагог - психологтары Е. Төлеген және Т.Қаршығаев тәжірибе алмасу мақсатында Ж. Жабаев атындағы № 120 орта мектепте қонақта болды. «Мен және өмір» жаттығуы, «Жұмсақ шеңбер» ойыны, «Қол шапалақтау» жаттығуы, «Менің қалпағым...» ойыны жүргізілді. Аталған бағытта атқарылған жұмыстардың нәтижесінде мектеп-лицейіміздің педагог-психологтары өз тәжірибелерімен бөлісті.


Алдағы уақытта да өзге мектептермен тығыз байланыс жасап, тәжірибе алмасу арқылы жүйелі жұмыс жасауға дайынбыз!




https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0pu22rZLPsAdCGFPi3JsU4dpcTjASJvgYy7a3k6GcuzMmSRy4jZ22LdU8JeyVuj1Jl&id=100012867287320

Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау әдістемесінің қорытындысы

5 сынып оқушылары арасында оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау мақсатында кешенді тестілеу жүргізілді. Барлық қатысқаны – 228 оқушы. Тестілеу көрсеткіші төменде көрсетілген.




6 сынып оқушылары арасында оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау мақсатында кешенді тестілеу жүргізілді. Барлық қатысқаны – 203 оқушы. Тестілеу көрсеткіші төменде көрсетілген.



«Сіздің темпераментіңіз?» (А.Белов) әдістемесінің қорытындысы

5 сынып оқушыларының арасында темперамент типтерін анықтау мақсатында әдістеме жүргізілді. Әдістемеге қатысқан оқушылар саны – 230 оқушы.



7 сынып оқушыларының оқу құрылымын диагностикалау әдістемесі

Әдістеме тақырыбы: Оқу құрылымын диагностикалау

Мақсаты: интеллектуалдық және танымдық біліктер мен дағдыларды жетілдіру.



Тренингтік сағат

Тақырыбы: «Психикалық саулықты сақтау және нығайту дағдылары».

Мақсаты: Психикалық ауытқулардың алдын алу машықтарын қалыптастыруға көмектесу.

2022 жылдың 28 қараша күні мектеп психологтары мен ЖДО психолог мамандарымен бірлесе отырып, 5-7 сынып оқушыларына «Психикалық саулықты сақтау және нығайту дағдылары» тақырыбында тренингтік сағат өткізді. Тренинг барысында оқушылар салауатты өмір жайлы берілген сұрақтарға өз ойларын білдіріп, «Өмір құндылықтары» жаттығуын орындады.

«Аяқталмаған сөйлемдер» жаттығуында оқушылар өмір туралы, туралы көзқарастарын, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс бағыт жасауды үйренді.

«Психикалық саулықты сақтау және нығайту дағдылары» тренингінде оқушылар өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау сезімдерін дамытып, денсаулық туралы білімдерін, ой – пікірін қозғап, өмірге деген көзқарасын қалыптастырды. Тренинг соңында кері байланыс жасалып, алғыстарын білдірді.



Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» семинар-тренинг

2022 жылы желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» атты тақырыбында 8-10 сынып оқушыларымен психологиялық семинар-тренинг өткізілді.

Мақсаты: зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру. Оқушыларымызды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Тренинг барысында барысында білім алушыларға зорлық-зомбылықтың салдары және алдын алу шаралары туралы мәліметтер берілді. Оқушылар белсенді қатысып, өзара ой бөлісті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0KAUyJG6KhdTz65jX9hVXLTiKERVqFj5zx5vnYsqya3mQ5qtsnRmPXyWLPWH93RKA1&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«Біз және біздің сынып» тренинг

2022 жылдың желтоқсан айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Біз және біздің сынып» тақырыбында 5-сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: балаларды сабақтың мақсаттарымен жұмыс түрімен таныстыру, сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурстарды іске асыру, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру.

«Біз және біздің сынып» - бұл тренинг оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізеді. Тренинг барысында оқушыларға мақсаты мен міндеттері, сабақтың барысы таныстырып, оқушыларды тренингке жұмылдырды. Тренинг ережелері құрастырылды.

«Сөйлемді жалғастыр» ойынында «Мектеп жолы» суретіне қарап отырып, бірінші сыныптан бесінші сыныпқа дейінгі қызықты оқиғаларымен бөлісті. Ойын соңында психолог қызықты және оптимистік пікірлерді атап өтіп, енді алдағы сыныптарда оқу жеңіл болатынына үміттендірді. «Кім нені?» жаттығуына оқушылар белсене қатысты.



«Біз біргеміз» тренинг

2022 жылдың желтоқсан айында № 7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Біз біргеміз» тақырыбында 1 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: топты біріктіру. Ырқыты есте сақтауды, зейінді дамыту.

«Біз біргеміз» - бұл тренинг оқушылардың арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер берді. Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Ерікті есте сақтауды дамыту мақсатында «Шатасу» жаттығуы орындалды. Сондай-ақ, қысымды, агрессияны түсіру мақсатындағы «Мейірімді піл» жаттығуы өткізілді.

Тренинг барысында оқушылар арасындағы қарым-қатынастар талқыланып, әр оқушы ортаға өз ойын толық айтты. Тренинг соңында оқушылар жаңа көзқараспен және көтеріңкі көңіл-күйде болды.



«Эмоционалды интеллект: Оқушы түсінігі, EQ белгілері» тренинг

2022 жылдың желтоқсан айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Эмоционалды интеллект: Оқушы түсінігі, EQ белгілері» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілетін дамыту негізінде әлемге деген сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру, өз эмоциясын бақылау дағдыларын қалыптастыру және айналадағы адамдармен эмоционалды өзара әрекетті дамыту болды.

Тренинг барысында тыңдаушылар эмоцияларын ұстап және сезімдеріне талдау жасап үйренді. Көптеген адамдар өз эмоциялары мен сезімдерін түсінбейді. С.Л. Рубинштейннің анықтамасына сәйкес эмоциялар - бұл субъектінің әлемге деген көзқарасынан көрінетін уайымдаушылық, олардың көмегімен ол болып жатқан жағдайлармен және өз қажеттіліктері арасындағы байланысты орнатады.

Аталмыш іс-шара барысында «Ассоциациялар», «Эмоцияны көрсет», «Эмоционалды шынжыр» және т.б. ойындар өткізілді. Осы әдіс-тәсілдердің барлығы тыңдаушылардың өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын түсіну үшін және өз эмоцияларын басқару үшін қолданылды. Тренинг қорытындылары бойынша әр қатысушы өзінің әдістемелік жинақ сандықшасына көптеген қызықты идеялар мен тәсілдерді ала алды.




2-4 сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау әдістемесі қорытындысы

Күні: 02.12 – 25.12.2022 ж.

Әдістеменің тақырыбы: «Суреттің қатесін тап» әдістемесі


Мақсаты: оқушылардың танымдық процестерін анықтау.

Оқушылардың танымдық процестерін анықтау әдістемесі қорытындысы



Оқушылардың танымдық процестерін анықтау әдістемесі қорытындысы 2 және 4 сынып аралығы

■ Жоғары ■ Орташа




«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» психологиялық сабақ

2022 жылы желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық сабақ өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету. Рефлексивті механизмдерді белсендіру.

«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» - бұл психологиялық сабақ жасөспірімдердің өмірге деген психологиялық дайындығын күшейту, конфликтілі жағдайларда мінез-құлықтың адекватты тәсілдерін эмоционалды жеке бастың эгоцентризмді жеңе білуге, эмпатияға қабілеттерін дамытуға, «Мен» позициясын қалыптастыру, сенімсіздікті, қорқынышты, үрейді жеңе білу ұғымдары бірге талқыланды.

Мұндай жұмыс топта жағымды психологиялық климат қалыптастырады. Оқушыларға бұл тақырыптың ұнағаны, маңыздылығы сезілді.



Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету дамыту жаттығулар анықтамасы

2022 жылы желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушыларымен таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар өткізілді.

Мақсаты: баланың өз бетімен іс-әрекетін, шапшаңдығын, бейнелі ойлау қабілеті мен есте сақтауын, байқампаздығын, бейнелі ойлауын дамыту.

Таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар оқушылардың коммуникативті дағдыларды, зейіннің көлем, ауысу, тұрақтылық концентрациясын дамыту, танымдық белсенділіктерін психологиялық тренингтер жолдарымен арттыруға бағытталған.

Оқушылар жаттығуларға белсене қатысты және алған әсерлерімен бөлісті. Ұсыныстарын да атап өтті.



«Педагог-психологтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы»


№ 7 мектеп-лицейімізде «Педагог-психологтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы» атты қала педагог-психологтарының арасында командалық жарыс тимбилдинг ұйымдастырылды. Жалпы саны 20 мектеп педагог-психологтары қатысқан тимбилдинг төмендегі кезеңдерден тұрды:

1. Сәлемдесу жаттығуы
2. «Сенім лабиринті» жаттығуы
3. «Кім жылдам?» жаттығуы
4. «Бәйге» жаттығуы
5. «Орныңды тап» ойыны
6. Қорытынды. «Сау болыңыз!» жаттығуы.

Үш топқа біріккен педагог-психологтар сайыс қорытындысы бойынша қалалық білім бөлімінің әдістері Аерке Мұратбайқызы қалалық білім бөлімі алғыс хаты және сыйлықтармен марапаттады.

- «Ынтымақ» тобы I орын;
- «Жігер» тобы II орын;
- «Келешек» тобы III орынмен марапатталды.

Ұйымдастырушылар: мектеп педагог-психологтары Қаршығаев Төрмұрат Сабытұлы, Төлеген Еркеайым Қайратқызы.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid034KaTiBiCw6Gtsu25eActuubcr4RCLcyopqmcFVtPkFpHGeGi7Gnx9Fjj5fdrfYI&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

"Қыз болашағы - ел болашағы"

2023 жылдың қаңтар айында №7 мектеп-лицейінің 6 "Г" сыныбының қыз балаларымен мектебіміздің психолог маманы Төлеген Еркеайым Қайратқызы және сынып жетекшісі Сматылдаева Камшат Әлмағанбетқызы "Қыз болашағы - ел болашағы" атты психологиялық тренинг өткізді.

Психологиялық тренингтің мақсаты:

Оқушылардың достық туралы ұғымдарын кеңейту және нақтылау;

Қыздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, достықты қадірлей білу, бір-біріне көмек көрсету және қамқор болуға үйрету.

Түрлі ойындар ұйымдастыру, сұхбаттасу, пікір алысу арқылы мектеп психологі қыз баланың бойындағы инабаттылық, әдептілік, ізеттілік қасиеттері туралы өз ойларын ортаға салды. Тренинг соңында кері байланыс жасалып, алғыстарын білдірді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0BcDt6xLkA2NePbKafHrDoBmVMUvsnVbGRmx1UexAsWpyKCkg1qz2dXT8HuWQngkl&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«ТӘРБИЕНІҢ ЕҢ ТАМАША МЕКТЕБІ - ОТБАСЫ»

Қаңтар айында мектебіміздің педагог-психологтары 5 - сынып ата-аналарымен «ТӘРБИЕНІҢ ЕҢ ТАМАША МЕКТЕБІ - ОТБАСЫ» тақырыбында тренинг өткізді.

Барысы:

«Танысу» жаттығуы

«Шеңбердегі есімдер» жаттығуы

«Шынайы жүректен» сұрақ - жауап

«Шаттыққа толы жүректен» жаттығуы.

Ата-аналарымыз тренингке белсене қатысып, алған әсерлерімен бөлісті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0SVJvyQNXdVZrReNE9SffvNAPJCUop8vaXgYazpm6fpP2MzIqcyJvdiAz6W4ym1Xl&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«Мен өзімді мақтан етемін!» тренинг

2022 жылы қаңтар айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 11 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: өз-өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынастың дамуы, рефлексия дамуы.


Тренинг оқушыларға өздеріне сенуге, қадағалауға, өз қабілеттерін дамыту өз қолдарында екендігін үйрету, бала бойындағы қобалжудан арылуға көмектеседі.

Тренингке оқушылар қызығушылықпен белсене қатысып отырды. Тренинг барысында «Фрактальды сурет» – бала бойындағы қобалжу, эмоционалды көңіл-күйін анықтау, тыныштандыру, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында пайдаланып, «Сиқырлы қобдиша», «Робот құрастыру» ойындары ойнатылды. Тренинг соңында оқушылар тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0L9bkWFpTEmkWxwo7WNSXMHnu84k18CHCTXtYvL24KqZfjCxiRuRQzTYaJsqDtYPI&id=10023009531461&mibextid=Nif5oz

«Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов)



Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету дамыту жаттығулар

2022 жылы қаңтар айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен I - сынып оқушыларымен таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар өткізілді.

Мақсаты: баланың өз бетімен іс-әрекетін, шапшаңдығын, бейнелі ойлау қабілеті мен есте сақтауын, байқампаздығын, бейнелі ойлауын дамыту.

Таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар оқушылардың коммуникативті дағдыларды, зейіннің көлем, ауысу, тұрақтылық

концентрациясын дамыту, танымдық белсенділіктерін психологиялық тренингтер жолдарымен арттыруға бағытталған.

Оқушылар жаттығуларға белсене қатысты және алған әсерлерімен бөлісті. Ұсыныстарын да атап өтті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02fu6vGpLMUV5Z5Yp6k7HRhgfejbvpXMCXPqRNPgw5bAcMYMh6RC6L9ocfw1adUvwl&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім тандайды?» семинар-тренинг

2023 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 11 сынып ата-аналарына семинар-тренинг өткізілді.


Мақсаты: «Мамандық» құндылығы туралы түсінік сферасын кеңейту. Семинар-тренинг мамандық таңдаудағы ата - ана міндеті, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышына қосар үлесі мен жеке тұлғаның әлеуметтік ашық қоғамға бейімделуіне, яғни әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Ата-аналар тренингке белсене қатысты және алған әсерлерімен бөлісті. Ұсыныстарын да атап өтті.



«Профиль» әдістеме қорытындысы

Мақсаты: Профиль әдістемесі негізінде 10 сынып оқушыларының қай мамандыққа қызығушылықтары бар екендігін анықтау сауалнамасы.



«Өмірге ня, деп айт!» республикалық ақпараттық акциясы

№7 мектеп-лицейінің ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРЫНЫҢ ұйымдастыруымен 7 сынып қыз балаларына «Өмірге «Иә» деп айт!» ақпараттық науқан аясында психологиялық тренинг өтілді.

Тренинг барысында:

«Өмірде үш нәрсе» өмір құндылығы;

«Жүйрік ой» жаттығуы;

«Сенімділік» жаттығуы;

«Өрмекші торы» жаттығуы жүргізілді және кері байланыс орнатылды. Оқушылар белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0RafstxEFawUaJLFsBzuXtw18os9hhu9CPieQZK3RzTiRBz5UjyeoMuwASb7pLJzel&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

Педагогтердің эмоционалды - еріктік аймақты диагностикалау



«Кім болғым келеді? Заманауи мамандықтар атласы» тренингтік сағат

2023 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Кім болғым келеді? Заманауи мамандықтар атласы» атты тақырыпта 9 сынып оқушыларымен тренингтік сағат өткізілді.

Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз - өзін тану аймағын кеңейту, кез - келген кедергіден шыға білу мақсатында жүргізіледі.

«Кім болғым келеді? Заманауи мамандықтар атласы» - бұл психологиялық тренинг оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта - ықыласын, қызығушылықтарын арттырады.

Мұндай жұмыс топта жағымды психологиялық климат қалыптастырады. Оқушыларға бұл тақырыптың ұнағаны, маңыздылығы сезілді.



«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» тренинг сағаты

2023 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен, ҚМУ, колледж оқытушыларының қатысуымен «Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» атты тақырыпта 9-10 сынып оқушыларымен тренингтік сағат өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың тұлғалық және кәсіби өзін - өзі табуы барысын жетілдіру; оқушыларды белгілі бір мамандыққа бағыттауда қажетті дағдыларды қалыптастыру.

«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» - бұл психологиялық тренинг оқушыларды белсенділіктің барлық түрін (танымдық, әлеуметтік, шығармашылық) жауапкершілікпен жүзеге асыруға бағыттайды. Сонымен қатар сенімсіздікті, қорқынышты, үрейді жеңе білу ұғымдары бірге талқыланды.

Мұндай жұмыс топта жағымды психологиялық климат қалыптастырады. Оқушыларға бұл тақырыптың ұнағаны, маңыздылығы сезілді.



«Қыздар арасында» психологиялық тренингі

№7 мектеп-лицейінде 6 "Ө" сыныбының қыз балаларымен мектеп-психологы Еркеайым Қайратқызы және сынып жетекшісі Гулайым Дауылбайқызы «Қыздар арасында» атты психологиялық тренинг өткізді.

Тренингтің мақсаты:

Қыз балалардың бойындағы жағымды қасиеттерін шыңдау, қыздардың арасында достықты нығайту.

Түрлі ойындар ұйымдастыру, пікір алысу арқылы қыз балалар бойындағы инабаттылық, әдептілік, ізеттілік қасиеттері туралы өз ойларын ортаға салды.




https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02CmvzY9jkUOd7Q1BaMgfruXeJLg8aaJtJWaMKmDmbZ6xDVFc4Mm1Jt5JimCispr2fl&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

Темпераментті анықтау әдістемесі

Мақсаты: Темпераментті анықтау әдістемесі

Қатысқан оқушы саны: 263



«Ынтымақтастық түбі - игілік»

«Ынтымақтастық түбі - игілік» атты іс-шара аясында мектеп психологы Төлеген Еркеайым Қайратқызы мен сынып жетекшісі Серікбай Жайна Айдосқызы 7 «Д» сынып қыздары арасында психологиялық тренинг өткізді.

Мақсаты:

сынып қыздары арасында ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту;

ұйымшыл, досшыл орта қалыптастыру;

сынып игілігі үшін ауызбіршілік құндылығын күшейту.

Тренинг барысында оқушылардан белсенділік пен ұйымшылдық байқалды. Тренинг соңында жалпы тренингтен алған әсері мен түйген түйіндерін ортаға салып, ұстаздарына алғыстарын білдірді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05Vkpbrs7NLaWPpiAJMSj4188dc54RhAqszv95vc6ZMJMpXvMYxToVMmD857VTk95l&id=10023009531461&mibextid=Nif5oz

«1 НАУРЫЗ—АЛҒЫС КҮНІ»

«ШЫНАЙЫ ЖҮРЕКТЕГІ АЛҒЫС»

Мерекеге орай сыныптарда мектеп ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРЫНЫҢ ұйымдастыруымен 8 сыныптар аралығында

«ШЫНАЙЫ ЖҮРЕКТЕГІ АЛҒЫС» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Оқушыларға жанымызда жүрген жандарға жақсылықтары үшін алғыс айта білуге, басқаларға деген құрметімізді білдіру мақсатында ұйымдастырылған шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Әрбір шәкірттің ұстаз үшін орны ерекше. Осы орайда мектебіміздің оқушыларына мерекеде шынайы алғысымызды білдіргіміз келеді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02pEfk46NepBHD4KdfLEshJBzkY9jN1ZPCJgrvyM3MT4JB6mJKKfMdsNtCn06dbwWl&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz


«Толеранттылық (төзімділік) деген не?» тренинг

2023 жылы наурыз айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Толеранттылық (төзімділік) деген не?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларда толеранттылық мінез - құлық қалыптастыру.

Тренинг оқушылардың толеранттылық туралы өздерінің түсінуін және адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуда қиялын ынталандыруға бағытталған. Оқушылар осындай жаттығуларға белсене қатысты. Тренингтің жаттығулары тиімді қарым-қатынасқа ықпал ететін мінез-құлық дағдылары мен қабілеттерін дамытады және біріктіреді. Тренинг жақсы әдістемелік деңгейде өтті, қатысушылар өте қызықты, ақпараттандыратын, достық және көңілді атмосфера болғанын атап өтті.

Аталған іс-шара толеранттылықты дамытуға және топтағы ашықтық, сенімділік, бірлікке қол жеткізу деңгейін арттыруға ықпал етті.



Біз 5-сыныпқа барамыз» тренинг

2023 жылы наурыз айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Біз 5-сыныпқа барамыз» атты тақырыбында 4 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік қасиеттерін қалыптастыру.

«Біз 5-сыныпқа барамыз» - бұл тренинг балалардың бір-біріне деген мейірім шапағатының мән-мағынасын түсіндіріп; жанында жүрген адамдарға деген сүйіспеншілікті дамытып; жанында жүрген достарына, адамдарға мейірімді, адал болуға тәрбиелейді.

Оқушылар тренингке белсене қатысты. Қатысушылардың позитивтік көңіл-күйлері көтеріліп қалды.




https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gGQ7V6sJfivw8kyVt2NhJNGPyYyChA9XXf5zDcNtp68C6A2yYDYyAoRmuMKxxoWRI&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

Э. Ховард бойынша стресске төзімділік сауалнамасы

Қатысқандар саны: 924

Мақсаты: мазасыздық пен қорқыныш тудыратын жағдайларда стрессті жеңу және адекватты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау; «мазасыздық» және «стресс» ұғымдарын ашу




«Dass шкаласы» тестісінің қорытындысы

5-11 сынып оқушылары арасында «Тәуекел тобын» анықтау мақсатында кешенді тестілеу жүргізілді. Кешенді тестілеу қорытындысы бойынша тәуекел топ анықталған жоқ. Барлық қатысқаны – 1017 оқушы. Тестілеу көрсеткіші төменде көрсетілген.

2. «DASS шкаласы»

Мақсаты: Оқушылардың депрессиялық күйін анықтауға мүмкіндік береді.



АТА-АНАЛАРМЕН КЕЗДЕСУ

Мектебіміздің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен «Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды?» тақырыбында ата-аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуде оқушылардың таңдау пәндері, бейіндері туралы ақпарат беріп, кездесу барысында педагог-психологтар тренинг жүргізді.

Ата-аналар тарапынан ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстар айтылды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0QpzMtLQEduNLq6ZphR1Bc57ZRvY9xAtdD8sd6gcF828PFVNMwDch4v4Vs49F6GI&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

ЖЫЛЫ ЖҮРЕК-ЖАҚСЫ ТІЛЕК

2023 жылдың сәуір айында 7 мектеп-лицейінің ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРЫ қыздар арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, бірін-бірі кеңірек танып білу, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында 5 сынып қыздарымен «Жылы жүрек-жақсы тілек» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Тренинг барысында түрлі жаттығулар орындалып, көңілді атмосфералық орта қалыптасты.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0vCsqm6h2wo7iv8o1LJvNo8334zRERnbkeW5kX9LYXa3NfrAxf68FunNB87Y7JKT8l&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

2-сәуір ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АУТИЗМ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

АҚПАРАТ ТАРАТУ КҮНІ

Осы атаулы күнге орай 7 мектеп-лицейінің педагог-психологтары мұғалімдер мен ата-аналарға аутизм туралы ағарту жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты:

Мұғалімдер мен ата-аналарға Ерте балалар аутизмі (ЕБА) синдромы туралы ұғыммен, аутизмнің пайда болу себептерімен, қандай белгілері болатыны, түзету - дамыту жұмыстары туралы ақпараттармен таныстыру.

Аутизмді бар балалардың ата-аналарына ұсыныстар:

Баламен қарым- қатынас эмоционалды көңіл күйде болуы; (интонация, ым-ишара, қимыл);

Әрбір іс-қимыл сөзбен айтылуы;

Баланы сөйлету, қажет затын алу, көрсету ,көмек сұрау үшін жаңа жағдайлар тудыру;

Баламен сөйлескен кезде, сөйлемді барынша қысқа қолданып, асықпай айқын айту;

Ұсақ қол саусақ моторикасын массаж, саусақ ойындары және жаттығулары, гимнастикасы арқылы дамыту;

Фонематикалық есту қабілетін дамыту мақсатында түрлі дыбыстарды тыңдауды үйрету.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Ayxw1fmZwHUY1hXUBeCduDvdgFzSS43XL6rtcowP1BBG52H7NwYVrrcNSczurDEwI&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«Жақсы көңіл-күй сыйлайын»

2023 жылдың сәуір айында мектебіміздің ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРЫ 6 «Г» сынып оқушыларының қатысуымен «Жақсы көңіл-күй сыйлайын» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Тренинг 3 кезеңнен тұрады.

1. «Танысу» жаттығуы
2. «Кедергіден өту» жаттығуы
3. «Молекула» жаттығуы

Тренинг барысында оқушылармен әңгімелесе отырып, өзін-өзі тану, достар арасындағы қарым-қатынас талқыланды. Оқушылар тренингке белсенді, шын ниетпен қатысты.



КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ»

2023 жылдың сәуір айында мектебіміздің ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРЫ 5 сынып ер балаларымен «Күшіміз бірлікте» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Оқушылар тренинг барысында белсенділік танытып, тапсырылған сұрақтарға қызығушылықпен өз ой-пікірлерін ашық жеткізе білді.

Тренинг қорытындысында кері байланыс жүргізіліп, оқушылар жақсы көңіл-күйде болды. Психологиялық тренинг өз мақсатына жетті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0C6BTY5C9f63GVjQbwd3QNMVoujGsRPVCG63TuEUAAuZpw7vr52cXMeoZSe5PLddbl&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«Татулық - достық кілті»

№7 мектеп-лицейінің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» тақырыбындағы жоба аясында оқушылардың ұйымшылдығын арттырып, көңіл-күйді көтеру мақсатында тренинг өткізді.

Тренинг барысында оқушылар өте белсенді қатысты. Барлық жаттығулар мен ойындар туралы ашық ойларын ортаға салды. Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сергіп қалды. Тренинг өз мақсатына жетті.

Бір мүдде! Бір мақсат! Ортақ нәжіже!



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02RjdDpMDcH6PRuuRqRQoKakw4fcbEf5nMPdbFYFA6DmobvUg8P6885iheb5ckqnvSI&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

"Бәріміз біріміз үшін,біріміз бәріміз үшін" тақырыбында психологиялық тренинг

№7 мектеп-лицейінің педагог-психологы Қаршығаев Төрмұрат және сынып жетекші Даулетова Миранш ұстаздың ұйымдастыруымен 10 «Б» сыныбында "Бәріміз біріміз үшін,біріміз бәріміз үшін" тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Тренинг мақсаты:

Қарым қатынасты нығайту;


Жағымсыз көңіл-күйден арылу;

Күш қуат жинау;

Өзін-өзі тану, құрметтеу;

Ұйымшылдыққа баулу;

Оқушылар тренингке белсене, асқан қызығушылықпен қатысты.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02iBaKBRBskP2MCKUCmPW3w4cvLP2ptofePiQ9KGHC9zMPthdoA1rNYCkScsmMGcGI&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz

«Жетістікке жету өз қолыңда» психологиялық тренинг

Мектебімізде «Жетістікке жету өз қолыңда» атты 8 сынып оқушылары арасында психологиялық тренинг өткізілді.

Тренинг барысы:

«Екі қолымен жұмыс жасау»

«Лабиринт»

«Эмоциямен оқу»

түсіндіріліп, жұмыс жасалды.

Оқушылар өз пікірлері мен тілектерін жаудырды.

Әрбір шәкірттеріміздің жарқын болашағы, ұстаз үшін зор міндет. Тынымсыз еңбек шәкірт үшін де, ұстаз үшін де нәтижелі болары сөзсіз.

Педагог-психологтар: Төлеген Е.К., Қаршығаев Т.С.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02i3iH44VCKfEXRD5P

[SGVMzu79k9vgV9A4ocpe1MRh4aR1MW9EEed8Ju5pC7MvCi3jml&id=100023009531461&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02sgsPKRebWu6zbv9yghAkw56vUgRsq9aJqmKfY4Auo6gSLrN6PUGfuQ8Q431jl&id=100012867287320&mibextid=Nif5oz)

«ПОЗИТИВТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»



Мектебіміздің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен, Қызылорда қалалық орталық емхананың психологы Қожахметова Лаззат Балтабаевна қатысуымен «ПОЗИТИВТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



Тренингте оқушылар өз ойларын ортаға салып, белсене қатысты. Түрлі жаттығулар өткізіліп, оқушылар сұрақтарына жауаптар алды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02sgsPKRebWu6zbv9yghAkw56vUgRsq9aJqmKfY4Auo6gSLrN6PUGfuQ8Q431jl&id=100012867287320&mibextid=Nif5oz

«ҰБТ-ҒА СЕНІММЕН БАРАЙЫҚ!»

Мектебіміздің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен, Қызылорда қалалық орталық емхананың психологы Қожахметова Лаззат Балтабаевна мен Жастар денсаулық орталығының психолог маманы Бижанова Жансая Насрадиновнаның қатысуымен «ҰБТ-ҒА СЕНІММЕН БАРАЙЫҚ!» тақырыбында 11 сынып оқушыларына психологиялық семинар-тренинг өткізілді.

Тренингте оқушылар өз ойларын ортаға салып, белсене қатысты. Оқушылар өздерін мазалаған сұрақтарына жауаптар алды. Тренинг мақсатына жетті ✨✨✨



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02m3oGTwDAeEnnFwL4uqYgQ1VS511e8vQH2YTpPzgAtkwiWC4ov88zoyxJcP4Nmaewl&id=100012867287320&mibextid=Nif5oz